

Хабарландыру

Түркістан облысы Сайрам ауданындағы Қарамұрт а/о, 171 кв. орналасқан «Коктал Групп» ЖШС-ің тас ұсақтау-сұрыптау қондырғысының экологиялық рұқсат алуға арналған материалдарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт а/о, Қарамұрта., Мұхитдинов көш. 3 (мәдениет үйі), 05.11.2025 ж. сағ. 15:00-де.

Жоба тапсырысшысы: «Коктал Групп» ЖШС-і, мекен-жайы: Сайрам ауданы, Қарамұрт а., 171 кв., № 83 ғим., БСН 131040018536, koktal.group@mail.ru, тел.: 8 7252 52-14-61.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ecoportal.kz, https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Кен орының және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42° 19' 50.49», 70° 0' 25.23». Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Хабарландыру

Түркістан облысы Сайрам ауданындағы «Подгорненское 2» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіруді ұлғайту бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына (ҚОҚ, ҚОЭН, ҚББ, ӘӨББ, ҚОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарамұрт а., Мұхитдинов көш. 3 (мәдениет үйі), 03.11.2024 ж. сағ. 10:00-де.

Жоба тапсырысшысы: «Драглайн» ЖШС, мекен-жай: ҚР, Шымкент қ., Қаратау ауданы, Нұрсат т.а., № 18а үй, 129 пәт., БСН 240740021630, конт.тел.: +7(771)-977-77-77, toretay87@mail.ru.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жай: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ecoportal.kz, https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Кен орының және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42°19'46.87», 70° 1'50.38».

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

КӨП БОЛЫП КҮРЕСЕМІЗ

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы және жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Өрт сөндіру мен азаматтық қорғау органдары қызметкерлері жаңа серпіліс жасау мақсатында халыққа өрт пен төтенше жағдайлардың алдын алу, жоюмен қатар, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршамыздың міндетіміз.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын бұлжытпай орындап, жемқорлықтың жолына тосқауыл қоюымыз керек.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді қарсы тұруға болады.

А. ЖУНУСБЕКОВ,
Шымкент қаласы, Абай аудандық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау подполковнигі.

ӨРТ ШЫҚҚАНЫН БІЛГЕНДЕ...

1. Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;
2. Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекенжайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар» деп отыруға болмайды;
3. Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;
4. Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;
5. Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз;
6. Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы

жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады;

7. Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;

8. Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек;

9. Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашпаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз. Есіктің бер жағына су шашыңыз;

10. Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз.



Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз. Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңізді барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;

11. Өрт шатырда немесе жертөледе шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік-терезелерді, люктарды жауып тастау керек;

12. Өрт шыққан үйден адамдарды эвакуациялау кезінде балалардың төсектегі астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

А.МУХТАРОВ,
Сайрам аудандық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау майоры.

Салғырттықтан сақтаныңыз

Тұрғын үйлердегі және пәтерлердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйлерде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер: тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде темекі тарту салдарынан, сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбегендіктен болып отыр. Егер Сіздің үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе тез арада электр маманын шақырыңыз.

Өрт болған кезде тез арада телефон арқылы 101-ге хабарласыңыз.

Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау - Сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды!

Б.ОКСИКБАЕВ,
Түлкібас аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры.

Н.БЕРДАЛЫ,
Ордабасы аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

БӘРІ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

«101» қызметі диспетчерлерінің жұмысы туралы білмейтін адамдар үшін олардың қызметі қарапайым және қиын емес болып көрінуі мүмкін, бірақ олай емес. Диспетчер – ең бірінші қиын жағдай орын алғандығы туралы хабарламаны қабылдайтын тұлға және диспетчерлердің үйлесімді, уақтылы іс-әрекеттеріне тек өрттің сөндірілуі ғана емес, сонымен қатар адам өмірі де байланысты болады.

Диспетчер тез және нақты хабарламаны қабылдап, бір секундты да жіберместен өрт сөндіру техникасын және көмек көрсетуші қызметтерді жөнелтуі қажет. Бір минуттық кідіріс қандай да бір адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Қандай қонырау болса да, ол бала немесе үлкен адам жасағанына, жалған ба әлде жоқ па, оның бәрі бақылауда болады. Алайда өрт сөндірушілердің



әрбір шақыруында адам өмірін немесе құндылықтарын құтқару тұратындығын есте сақтау қажет.

Д.ЖҰМАБАЙ,
Шымкент қаласы, Тұран аудандық төтенше жағдайлар басқармасының аға анықтаушысы, азаматтық қорғау капитаны.

«Ақсу» МКК тұтынушыларының назарына!

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2025 жылғы 16 қыркүйектегі №236-нқ бұйрығы бойынша уақытша өтемдік тариф 1 жылға берілді. 2026 жылы 1000 текше судың бағасы 586,33 теңге болады. Мерзімі 01.11.2025 – 31.10.2026 жыл аралығы.

МКК «Ақсу» әкімшілігі.

МҰРАГЕРЛЕРДІ ШАҚЫРАМЫЗ

Байрамова Казина Бакиевна 2025 жылғы 7 қаңтарда қайтыс болған. Марқұмның барлық мұрагерлерін Ақсу ауылы, Жібек жолы көшесі, 176/Б үйдегі нотариус Назарбеков Нурбек Доскаловичке келуін өтінеміз.

Телефоны: 8701-411-19-17